

**"Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 7 наурыздағы № 809 Жарлығы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы Жарлықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз.**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі туралы ережеде:

15-тармақта:

мынадай мазмұндағы 52-1), 52-2) және 52-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"52-1) мынадай:

зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғалардан сатып алған;

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ұлттық қауіпсіздік, сайлау комиссиялары органдарының қызметін қамтамасыз ететін ұйымдардан сатып алуды қоспағанда, мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайларда, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы монополияға қарсы органның қорытындысын беру;

52-2) көрмелер, семинарлар, конференциялар, кеңестер, форумдар, симпозиумдар, тренингтер материалдарын сатып алған, сондай-ақ аталған іс-шараларға қатысу үшін ақы төлеген жағдайларда, шартты тікелей жасасу арқылы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді

бәсекелестік негізде сатып алудың өзге де мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы монополияға қарсы органның қорытындысын беру;"

52-3) ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды , жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге де мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы монополияға қарсы органның қорытындысын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

67) және 68) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"67) коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, тауар биржаларының қызметі және биржа саудасының мәселелері жөнінде ақпарат жариялау;

68) биржа саудасын дамыту және жетілдіру бойынша ұсыныстарды тұжырымдау;"  
мынадай мазмұндағы 69-1) тармақшамен толықтырылсын:

"69-1) Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасында көзделген жағдайларда тауар биржасы, биржалық брокер, тауар биржасының клирингтік орталығы лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдау, сондай-ақ лицензиядан айыру (кері қайтарып алу) туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында жариялау;"

мынадай мазмұндағы 74-1) тармақшамен толықтырылсын:

"74-1) биржадағы сауда-саттыққа жосықсыз қатысушылардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту;"

2. Осы Жарлықтың 1-тармағының 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін он бірінші, он екінші абзацтарын және 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін оныншы, он үшінші, он төртінші абзацтарын қоспағанда, осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ. Тоқаев*